

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы талдамалық АНЫҚТАМАСЫ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге негіздеме :

- 1) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 - V Заңы;
- 2) «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 65 бабының 3 тармағы;
- 3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл агенттігі Төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 19 қазандағы 2016 жылғы №12 бұйрығы;
- 4) №4 Атырау қалалық емханасының 2026 жылғы 9 сәуірдегі №124 бұйрығы;

2.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жататын мекеменің (объектінің) атауы : «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының « №4 Атырау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының медициналық бөлімі;

3. Ішкі талдаудың бағыттары :

Ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

1.Мемлекеттік қызметтер оның ішінде ДҚК бөлімімен көрсетілетін қызметтер, оның ішінде еңбекке жарамсыздық парағын берілуі бойынша;

4.Жұмыс тобы : 1. Кайрат Рашидович Утебасов (дәрігер сарапшы - төрағалық етуші); 2. Райгуль Сайлауовна Карабасова (бас мейірбике-топ мүшесі); 3. Куат Махмутжанович Жуманалиев (комплаенс-офицері-топ мүшесі);

5.Ішкі талдау жүргізу мерзімі:«9» сәуір 2026 ж. - «16» маусым 2026 жыл.

6.Ішкі талдау қамтыған кезең: «4» қаңтар 2026 ж. - «16» маусым 2026 жыл.

№4 Атырау қалалық емханасы қызметіне катысты басшылыққа алынған нормативтік - құқықтық актілер : ШЖҚ КМК «№4 Атырау қалалық емханасы» өз қызметінде келесідей заң нормаларына сүйенеді: ҚР «Еңбек Кодексі», ҚР Азаматтық Кодексіне, ҚР «Құқықтық актілер туралы» заңы, «Мемлекеттік сатып алу туралы » ҚР заңы. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Кодексі; «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V Заңы; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығымен бекітілген «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама

жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» қағидасы;

Уақытша жарамсыздық парақтарын немесе анықтамаларын беру қызмет түрі «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V Заңына сәйкес №4 Атырау қалалық емханасында негізгі медициналық лицензияға 15.11.2012 ж. №00579DR қосымшасы негізінде уақытша еңбекке жарамсыздық сараптамасын жүргізу қызметі негізінде жүзеге асырылады. Уақытша жарамсыздық парақтарын немесе анықтамаларын беру қызмет түрі бойынша 01.01.2026 ж.- 16.06.2026 ж. мерзім аралығында №4 Атырау қалалық емханасында барлығы 3950 еңбекке жарамсыздық парағы ашылған, оның ішінде қызмет алушы тараптарының әрекетсіздіктері және басқада әр-түрлі себептермен 373 еңбекке жарамсыздық парағы ашылып жабылмай қалған. Еңбекке жарамсыздық парағын ашу тәртібі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығымен «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» қағидасымен реттеледі.

№4 Атырау қалалық емханасында 3 күн және оданда көп мерзімге уақытша еңбекке жарамсыздық парақтары берілуі «Даму мед» ақпараттық жүйесімен зерделенді. 04.01.2026 жылдан 16.06.2026 ж. мерзім аралығында артқы мерзіммен ашылған 105 факті анықталды. №4 Атырау қалалық емханасында қызметтік нұсқаулықтарына сәйкес еңбекке жарамсыздық парағын ашуға «Дамумед» ақпараттық жүйесінде арнайы рұқсаты бар жанұялық денсаулық орталығы меңгерушілерінен, жалпы тәжірибелік дәрігерлер мен фельдшерлер шақыртылып, түсініктеме алынды. ЖДО меңгерушілері А.Д.Ж, А.Ж.А, Д.А.З. кейбір қызмет алушылардың дәрігердің қабылдауында болып, алайда еңбекке жарамсыздық парағын ашу керектігін айтуға ұмытып кеткен қызмет алушыларға ашқандығын алға тартып отыр. Сонымен қатар, жүйелі түрде ауыратын созылмалы аурулары бар, «Д» есепте тұратын қызмет алушылар емханаға келуге жағдайы болмаған қызмет алушыларға еңбекке жарамсыздық парақтары ашылған. Бұл жағдайларды объективтік түрде әр жағдайды зерделеп дәлелді себептер деген тұжырымға келеді.

04.01.2026 жылдан 16.06.2026 ж. мерзім аралығында артқы мерзіммен ашылған еңбекке жарамсыздық парақтарын зерделеу барысында, 22 факті тіркелген №Х және №У учаскелік фельдшері А. М. К. анықталды. А.М.К. түсініктеме алынды, өз түсініктемесінде 1) М. А. С. қызмет алушы дамумед бойынша 24.02.2026 ж. қабылдауында болғанын, Дз J06.8 20.02.2026 ж. артқы мерзіммен еңбекке жарамсыздық парағын ашқанын, фельдшер ретінде жедел-жәрдемде болған уақытта ашылмай қалуы мүмкіндігін алға тартып отыр; 2) Р. А. Н. дамумед ақпараттық жүйесімен 12.01.2026 ж. еңбекке жарамсыздық бетшесін ашуға ұмытып кеткенін хабарлап отыр; 3) А. Ж. 03.02.2026 ж. вызовқа үйіне барғанда еңбекке жарамсыздық парағын ашуға ұмытып кеткендігін хабарлап отыр; 4) С. И. Дз ОРВИ 02.01.2026 ж. вызовқа барған уақытта еңбекке жарамсыздық парағын ашуға ұмытып кеткендігін хабарлап отыр; 5) Б. А. Б. Дз Остехондроз поесницы

12.05.2026 ж. қабылдауда болған, еңбекке жарамсыздық бетшесі 05.02.2026 ж. ашылған, үйге шақырту бойынша барып ұмытып кеткендігін хабарлап отыр; 6) Н. Т. Ж. Дз необструктивный пиелонефрит 08.01.2026 ж. қабылдауда болған 03.01.2026 ж. еңбекке жарамсыздық парағын ашуға ұмытып кеткендігін, үйге шақыртуда барғандығын хабарлап отыр; 7) А. М. Ж. 02.02.2026 ж. еңбекке жарамсыздық бетшесін ашуға ұмытып кеткенін және 06.02.2026 ж. қабылдауда болғандығын хабарлап отыр; 8) А. Е. А. Дз ОРВИ 03.02.2026 ж. үйіне шақыртуда болып еңбекке жарамсыздық бетшесін ашуға ұмытып кетіп, 08.02.2026 ж. қабылдауда болған; 9) М. Ә. М. Дз Остехондроз поясницы 20.02.2026 ж. еңбекке жарамсыздық бетшесін ашуға ұмытып кеткендігін және науқасты қабылдау хаттамасында еш жазу жоқтығын сол күні яғни 26.02.2026 ж.«даму мед» ақпараттық жүйесі жасамағанын хабарлап отыр; 10) С. К. К. Дз ОРВИ 10.03.2026 ж. еңбекке жарамсыздық парағын ашуға ұмытып кеткенін 25.03.2026 ж. қабылдауда болғанын және науқасты қабылдау хаттамасында еш ақпарат жоқтығын сол күні «даму мед» ақпараттық жүйесі жасамай тұрғандығымен түсіндіреді; 11) А. Е. С. Дз ОРВИ жедел жәрдемде жүріп үйге шақыртуға барып 09.01.2026 ж. еңбекке жарамсыздықты ашуға ұмытып кеткендігін және 13.01.2026 ж. еңбекке жарамсыздықты жапқандығын хабарлап отыр; 12) Д. Б. М. Дз необструктивный Хр. Пиелонефрит 23.02.2026 ж. ашу керек болған, 28.02.2026 ж. жабылғандығын науқасты қабылдау бетшесінде еш ақпарат жоқтығын «Даму мед» ақпараттық жүйесі жасамағандығын хабарлап отыр; 13) М. Ж. М. Дз ОРВИ 23.02.2026 ж. еңбекке жарамсыздық бетшесін ашу керек болғандығын, 28.02.2026 ж. науқас қабылдауда болғандығын сол күні «Даму мед» ақпараттық жүйесі жасамай тұруына байланысты еш ақпарат сақталмағандығын хабарлап отыр; 14) К. Л. С. Дз ОРВИ 30.03.2026 ж. еңбекке жарамсыздық бетшесі ашылу керек болған, 06.04.2026 ж. науқас қабылдауда болған еш ақпарат жоқтығын «Даму мед» ақпараттық жүйесі жасамай тұрғандығын хабарлап отыр; 15) Х. С. Ш. Дз Остехондроз поясницы 19.02.2026 ж. үйге шақыртуда барғандығын және сол күні еңбекке жарамсыздық бетшесін ашуға ұмытып кеткендігін, 23.02.2026 ж. науқасты қабылдауда болғандығын хабарлап отыр; 16) К. М. С. Дз ОРВИ 10.03.2026 ж. еңбекке жарамсыздық бетшесін ашуға ұмытып кеткенін, 17.03.2026 ж. қабылдауда болғанын хабарлап отыр; 17) А. Е. О. Дз остехондроз 13.03.2026 ж. поясницы еңбекке жарамсыздық бетшесін ашпай қалу себебін «Даму мед» ақпараттық жүйесі жасамай қалуымен түсіндіреді, 17.03.2026 ж. науқас қабылдауда болған; 18) Қ. А. М. толық дәлелді екенді деп есептейтіндігін хабарлап отыр; 19) А. Е. К. Дз ОРВИ 20.02.2026 ж.вызовқа барып еңбекке жарамсыздық бетшесін ашуға ұмытып кеткенін, науқас 24.02.2026 ж. қабылдауда болғанын хабарлап отыр; 20) М. Н. М. Дз артрит 17.04.2026 ж. еңбекке жарамсыздық бетшесін ашу керек болғандығын «Даму мед» ақпараттық жүйесі жасамай қалуына байланысты 21.04.2026 ж. науқас қабылдауда болып сол күнмен келгенде кейінгі мерзіммен ашқандығын хабарлап отыр; 21) М. Д. И. Дз ОРВИ 06.04.2026 ж. еңбекке жарамсыздық бетшесін ашу керек болғандығын, 10.04.2026 ж. науқас қабылдауда болғандығын және сол күні еңбекке жарамсыздық бетшесін артқы мерзіммен ашып, сол күнмен жапқандығын хабарлап отыр;

22) Ә. Ә. Дз ОРВИ 03.03.2026 ж. еңбекке жарамсыздық бетшесін ашуға ұмытып кеткенін, 10.03.2026 ж. қабылдауда болғанын хабарлап отыр;
№4 Атырау қалалық емханасының №X және №Y учаскелік фельдшері А.М.К. артқы мерзіммен ашылған еңбекке жарамсыздық парақтарын зерделеу барысында түсініктемесінде көрсетіліп отырған ақпараттардың жалған екендігі анықталды. № 4 Атырау қалалық емханасының тіркеу бөліміндегі журналдарда науқастардың үйге шақыртулары болмағандығы анықталды, сондай-ақ еңбекке жарамсыздық парағын берген қызмет алушылар мүлдем басқа учаскелерге тіркелгендігі, сонымен қатар, кейбір қызмет алушылар мүлдем басқа әкімшілік аумақта тіркелгендері анықталды. №4 Атырау қалалық емханасында меңгерушілермен «Даму мед» ақпараттық жүйесі жасамай қалу фактілері тіркелмегендігі және бұл жұмыстар мүлдем жүргізілмейтіндігі анықталды;

Анықтама:

-№4 қалалық емхана тексеріс тобымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде, сыбайлас жемқорлыққа жол ашатын әрекеттер анықталды;

-Осы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы №4 Атырау қалалық емхананың ресми сайтында жариялануға жатады;

Ұсыныс:

1. №4 Атырау қалалық емханасында еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдай жүргізу әр тоқсан сайын жүргізілсін.

2.№4 Атырау қалалық емханасының №X және №Y учаскелік фельдшері А. М. К. сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол аша отырып, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығымен «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» қағидасы талаптарын бұза отырып, артқы мерзіммен 22 тұлғаға қатысты еңбекке жарамсыздық парағын ашқан үшін «Қатаң сөгіс» түрінде тәртіптік шара алынсын және учаскелік фельдшер лауазымынан басқа (еңбекке жарамсыздық парағын ашу құзіреті жоқ) лауазымға ауыстырылсын;

3.№4 Атырау қалалық емханасының дәрігер сарапшысы Кайрат Рашидович Утебасов, бас мейірбике Райгуль Сайлауовна Карабасова және комплаенс-офицері Куат Махмутжанович Жуманалиевпен ай сайын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығымен «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе

анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» ережесі бойынша ұжым алдында түсіндірме жұмыстарын жүргізісін;

4.№4 Атырау қалалық емханасының бөлім меңгерушілеріне, аға мейірбикелеріне және программист маманына жұмыс уақытында «Даму мед» ақпараттық жүйесі жасамай қалған уақытта (акт толтыру, қызметтік хат, мәлімдеме түрінде және т.б.) алгоритімі (жылын, айын, күнін, уақытын белгілей отырып, қанша уақыт жасамай қалуын анықтай отырып, ақау болып жатқандығы жөнінде «Даму мед» қызмет көрсетуші мекеменің маманының аты-жөнін, хабарлау уақытын белгілеуін) пысықталып, бұйрық түрінде жүктелсін; (Бұл жұмыстарды бастапқы уақытта ұйымдастыру емхананың комплаенс офицері К.М.Жуманалиевке тапсырылсын);

1. К. Р. Утебасов (дәрігер сарапшы - төрағалық етуші) _____

2. Р. С. Карабасова (бас мейірбике-топ мүшесі); _____

3. К.М.Жуманалиев (Комплаенс офицері) _____